

ӘОЖ: 811.512.122'35:340

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕГІ ЗАҢНАМАДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ПУНКТУАЦИЯЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ

Акерке Аманқызы Мединаева

Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты
Лингвистика орталығының жетекші ғылыми қызметкері;
Астана қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: m_akerke@mail.ru

Аннотация. Қазақстан Республикасының заңнамасы мемлекеттік және орыс тілде қамтамасыз етіледі. Нормативтік құқықтық актінің мәтіні белгілі бір құқықтық жүктеме арқалайтыны белгілі. Ал әрбір құқықтық норманың дұрыс әрі түсінікті етіп жазылуы өте маңызды болып табылады. Белгілі бір нормативтік құқықтық акт алдымен орыс тілінде әзірленіп, кейіннен мемлекеттік тілге аударылатыны да баршаға аян.

Мақаламыздың негізгі зерттеу объектісі мемлекеттік тілдегі заңнамада пунктуациялық ережелердің қанишалықты сақталғанын талдау болып табылады. Бұл тақырыптың өзектілігіне орыс тіліндегі заң мәтінінде дефис не сызықша қай жерде қойылса, мәтінді қазақ тіліне аудару барысында сол тыныс белгісінің дәл сол сөзден не сөйлемнен кейін қойылып, «дәлме-дәл» қазақ тіліне аударылуы бірден-бір себеп болып отыр.

Бір қызығы, талдау жасалған заңдар әр жылдары қабылданса да, атап көрсетілген пунктуациялық қатенің сипаты бірдей. Яғни орыс тілінің ережесі бойынша құрмалас сөйлемнің құрамындағы баяндауыш екінші бөлікте қайталанбас үшін орнына сызықша қойылып, сөйлем әрі қарай жалғастырыла береді. Мәтінді қазақ тіліне аудару кезінде сол сызықшаның қойылуы өрескел қате екенін көпшілік ескере бермейді. Орыс тілі мен қазақ тілінің ережелері ұқсас болғанымен ерекшеліктері де бар екенін есте сақтау қажет.

Осыған байланысты мақалада тыныс белгілерінің ішінен тек қана дефис пен сызықшаның қойылуы туралы ереженің нормативтік құқықтық актіде сақталмауы мысалдармен көрсетілген.

Қазақ тіліндегі құқықтық акті мәтінінің қазақ тілінің ережелеріне сәйкес орфографиялық және пунктуациялық ерекшеліктер сақтала отырып аударылғаны абзал. Оның үстіне бұл мәтіннің құқықтық сауатты жазылғанының куәсі болып табылады.

Түйін сөздер: қазақ тілі, нормативтік құқықтық акт, заңнама, пунктуациялық ережелер

ОБ ОСОБЕННОСТЯХ ПУНКТУАЦИОННЫХ ПРАВИЛ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА В ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВЕ НА ГОСУДАРСТВЕННОМ ЯЗЫКЕ

Мединаева Акерке Амановна

Ведущий научный сотрудник Центра лингвистики Института законодательства
и правовой информации Республики Казахстан;
г. Астана, Республика Казахстан, e-mail: m_akerke@mail.ru

Аннотация. Законодательство Республики Казахстан обеспечивается на государственном и русском языках. Известно, что текст нормативного правового акта несет определенную правовую нагрузку. И очень важно, чтобы каждая правовая норма была написана правильно и понятно. Всем также известно, что определенный нормативный правовой акт сначала разрабатывается на русском языке, а затем переводится на государственный язык.

Основным объектом исследования нашей статьи является анализ того, насколько соблюдены пунктуационные правила в законодательстве на государственном языке. Актуальность данной темы обусловлена тем, что в юридическом тексте на русском языке, где

ставится дефис или тире, при переводе текста на казахский язык один и тот же знак препинания ставится после того же слова или предложения и переводится на казахский язык «точь-в-точь».

Интересно, что характер отмеченной пунктуационной ошибки одинаков, даже если анализируемые законы принимались в разные годы. То есть, по правилам русского языка, для того, чтобы сказуемое в составе сложноподчиненного предложения не повторялось во второй части, вместо него ставится тире. При переводе текста на казахский язык проставление этого дефиса является грубой ошибкой. Необходимо помнить, что и в русском языке, и казахском языке есть схожие правила, но при всем этом имеются свои отличительные особенности.

В связи с этим в статье из всех знаков препинания указано только несоблюдение в нормативном правовом акте правила о постановке дефиса и тире примерами.

Текст правового акта на казахском языке следует переводить с соблюдением орфографических и пунктуационных особенностей в соответствии с правилами казахского языка. Более того, это свидетельствует о юридической грамотности самого текста.

Ключевые слова: казахский язык, нормативный правовой акт, законодательство, пунктуационные правила.

ABOUT THE PECULIARITIES OF PUNCTUATION RULES OF THE KAZAKH LANGUAGE IN THE LEGISLATION IN THE STATE LANGUAGE

Medinayeva Akerke Amanovna

Leading Researcher, Linguistic Center, Institute of Legislation and Legal Information,
Republic of Kazakhstan, Astana, Republic of Kazakhstan,
E-mail: m_akerke@mail.ru

Abstract. The legislation of the Republic of Kazakhstan is provided in the state and Russian languages. It is known that the text of a normative legal act carries a certain legal burden. And it is very important that every legal norm is written correctly and clearly. Everyone also knows that a certain regulatory legal act is first developed in Russian, and then translated into the official language.

The main object of the study of our article is the analysis of how punctuation rules are observed in the legislation in the state language. The relevance of this topic is due to the fact that in a legal text in Russian, where a hyphen or dash is placed, when translating the text into Kazakh, the same punctuation mark is placed after the same word or sentence and translated into Kazakh "exactly".

Interestingly, the nature of the punctuation error noted is the same, even if the analyzed laws were adopted in different years. That is, according to the rules of the Russian language, in order for the predicate in the compound sentence not to be repeated in the second part, a dash is put instead. When translating a text into Kazakh, putting this hyphen is a gross mistake. It must be remembered that both Russian and Kazakh have similar rules, but with all this there are their own distinctive features.

In this regard, of all the punctuation marks in the article, only non-compliance with the rule on setting hyphens and dashes in the normative legal act is indicated by examples.

The text of the legal act in the Kazakh language should be translated in compliance with spelling and punctuation features in accordance with the rules of the Kazakh language. Moreover, this indicates the legal literacy of the text itself.

Keywords: Kazakh language, normative legal act, legislation, punctuation rules.

DOI: 10.52026/2788-5291_2024_78_3_257

Кіріспе

Қазақ тіліндегі пунктуациялық ережелердің қалыптасуы тарихына үңілсек, бұл саланың сонау ХХ ғасырдың басында бастау алатынына куә боламыз. Төменде берілген

ақпарат соның бір парасы ғана.

«Қазақ тілінің пунктуациялық жүйесі мен негіздері орыс тілінің пунктуациялық үлгілерін басшылыққа алу арқылы қалып-

тасып келгені белгілі. «Пунктуация» деген терминнің мағынасы кең ауқымды.

Тыныс белгілерінің қолданылуы халқымыздың тарихының ерте қойнауларынан орын алады. Мәселен, көне және ескі жазба ескерткіштерінде бір сөзді екінші сөзден айыру үшін қызмет атқарған тыныс белгілерінің элементтері кездеседі. Өткен ғасырдың аяғынан бастап сөйлемдердің ара жігін айыруға арақидік сызықша (--), әр түрлі жұлдызшалар (*) сияқты шартты таңбалар қазақ баспасөзі беттерінен орын ала бастайды. А.Қазембектің

«Түрік-татар тілі грамматикасында» бірді-екілі сызықша, жұлдызшалар кездесе, В. Радловтың «Образцы народной литературы тюркских наречий» атты еңбегінде тыныс белгілерінің бірқатар түрлері кездеседі (үтір, нүкте, тырнақша, сұрау белгісі, қос нүкте, сызықша). 30-жылдары баспасөз беттерінде Ш.Х. Сарыбаевтың, Х. Басымовтың, С. Жиенбаевтың аталған мәселеге қатысты мақалаларында тыныс белгілеріне қатысты ерекшеліктер белгілі бір дәрежеде атап көрсетіледі. Сонымен қатар, үтірдің салалас, сабақтас құрмалас сөйлемдерде, қаратпа сөздерде, одағайларда, қыстырма сөздер мен айқындауыш сөздерде қолданылуына анықтамалар береді. Қазақ тілінің пунктуациясына арнап жазылған оқулықтардың тырнақалдысы – С. Жиенбаевтың 1940 жылы жарық көрген «Сөйлемнің тыныс белгілері» (А-ты. 1940ж.) атты кітабы. Бұл еңбек - 1951 жылы А. Ысқақов және Ә. Хасенов авторлықтарымен шыққан «Тыныс белгілері» атты кітабына дейін оқулық қызметін атқарған бірден-бір дүние» [1, 23-б].

Әдістер мен материалдар

Ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу барысында мемлекеттік тілдегі нормативтік құқықтық актінің мәтінінде қазақ тілінің лексикалық, грамматикалық, стилистикалық, орфографиялық ережелерінің сақталуы тексеріледі. Бұл ретте басқа ережелермен қатар, қазақ тілінің пунктуациялық ережелерінің сақталуына ерекше назар аудару қажет. Пунктуация қазақ тілінің маңызды салаларының бірі бола отырып, бір нәрсені жазғанда, оқығанда, айтқанда ойды басқаға түсіндіру, сондай-ақ бөгде біреудің ойын түсіну үшін қолданылатын тыныс белгілері ережелерінің жиынтығын білдіреді. Сондықтан да мәтінде тыныс белгілерінің қолданылуына не қолданылмауына немқұрайлы қарауға болмайды.

Зерттеу барысында заң мәтініне грам-

матикалық және стилистикалық талдау, салыстырып тексеру жұмыстары жүргізілді. Мұндай жұмыс белгілі бір салада білім мен дағдыны әрі мұқияттылықты талап етеді.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақ тіліндегі пунктуация ережелері орыс тіліндегі пунктуация ережелерімен ұқсас келеді. Екі тілдегі пунктуациялық таңбалар бірдей болса да, олардың сөйлемде бірдей қолданылуы мүмкін емес. Осыған қарамастан, орыс тіліндегі сөйлемде қай жерде қандай тыныс белгісі тұрса, соны қазақ тіліндегі сөйлемге көшіре салатын жағдайлар нормативтік құқықтық актілердің мәтінінде орын алады. Себебі бұл мәтін, әдетте, орыс тілінен аударылады. Мысалы, орыс тілінде құрмалас сөйлемнің құрамындағы бір жай сөйлемнің баяндауышы келесі жай сөйлемде түсіріліп айтылса, орнына сызықша қойылады. Ал қазақ тілінде құрмалас сөйлемнің ішіндегі жай сөйлемдердің соңғысының баяндауышы әрқашан сақталады немесе алдыңғы сөйлемдер баяндауышсыз жазылғанымен, баяндауыш жалпы сөйлемнің соңында жазылады, немесе баяндауыш екі рет қайталаынады. Қазақша құрылған сөйлемде ешқандай сызықша қойылмайды [2, 21-б].

Орыс тіліндегі құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлем шартты мәнде болса, араларына сызықша қойылғанымен, қазақ тілінде шартты бағыныңқылы сөйлемдерде сызықша емес, үтір қойылады [2, 22-б]. Осы орайда ғылыми лингвистикалық сараптамаға халықаралық шарттардың жобалары да келіп түсетінін, олардың дені ағылшын тілінен аударылатынын атап өтеміз, сондықтан тыныс белгілері тек қазақ тілінің синтаксистік құрылысына орай қойылуы тиіс екенін әрқашан да есте сақтау қажет.

Жалпы, қай тілде болмасын әрбір тыныс белгісінің белгілі бір синтаксистік қызметі бар. Яғни олардың қолданылу реті мен өзіндік ерекшелігі бар. Осыған байланысты «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы»

1995 жылғы 19 маусымдағы № 2337 Қазақстан Республикасының Заңын талдау кезінде пунктуациялық ережелердің сақталуы-сақталмауына қатысты бірқатар кемшіліктер анықталды.

Мысалы, аталған Заңның 23-бабының орыс тіліндегі мәтінінде:

«Выезд из Республики Казахстан иностранцу не разрешается:

а) если имеются основания для привлечения его к уголовной ответственности - до

окончания производства по делу;

б) если он осужден за совершение уголовного правонарушения, за ним установлен пробационный контроль или к нему применена отсрочка исполнения наказания, - до отбытия наказания или освобождения от наказания, истечения срока пробационного контроля, истечения срока отсрочки исполнения наказания, за исключением случаев его выдворения на основании решения суда;

в) если он уклоняется от исполнения обязательств, наложенных на него судом, - до исполнения обязательств;» деп көзделген.

Осы баптың қазақ тіліндегі редакциясында дефис «-» дәлме-дәл көшіріле салған:

«Қазақстан Республикасынан кету шетелдікке мына жағдайларда:

а) егер оны қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін негіздер болса - істі жүргізу аяқталғанға дейін;

б) егер ол қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін сотталған болса, оған пробациялық бақылау белгіленген немесе оған жазаны орындауды кейінге қалдыру қолданылған болса - оны сот шешімінің негізінде шығарып жіберу жағдайларын қоспағанда, жазаны өтеп болғанға немесе жазадан босатылғанға, пробациялық бақылаудың мерзімі аяқталғанға, жазаны орындауды кейінге қалдыру мерзімі аяқталғанға дейін;

в) егер ол өзіне сот жүктеген міндеттемелерді орындаудан жалтаратын болса - міндеттемелер орындалғанға дейін рұқсат етілмейді.»¹.

Бұл жерде а), б) және в) тармақшаларындағы дефистің «-» қойылуы дұрыс па деген сұрақ туындайды.

Жоғарыда келтірілген қазақ тілінің пунктуациялық ережелеріне сүйенсек, атап көрсетілген тармақшалар шартты мәнде берілген және «дефистің» орнына үтір қойылуы тиіс. Оның үстіне, құқықтық норманың шартты мәнде берілгенін «егер» деген шылаудың қолданылуы дәлелдеп тұрғандай.

Сондай-ақ, дефис «-» пен сызықшаның «-» жазылуының өз ережесі бар. Дефис арқылы:

- ✓ қос сөздер (бірде-бір, сарт-сұрт);
- ✓ плеоназмдар (күш-қайрат, ар-намыс);
- ✓ екі компоненті бір-бірімен мағыналас сөздер (өсіп-өну, ала-бөле);
- ✓ қарама-қарсы мағыналы екі сөзден жасалған термин мәнді күрделі анықтауыштар (оқу-ағарту жұмысы);

✓ екі сөзден тұратын ғылыми дәреже, атақтардың және қызмет дәрежесін немесе мамандықты көрсететін атаулар (вице-президент, әнші-композитор);

✓ техникалық жүйелердің күрделі атаулары (стоп-кран, телефон-автомат);

✓ күрделі өлшем атаулары (киловатт-сағат, адам-күн);

✓ орыс тілі орфографиясы бойынша қолданылатын жер-су және кейбір халық аттары дефиспен келсе, дефис қазақша жазуда сақталады

(Соль-Илецк, угро-фин);

✓ екінші сыңары біріншісін айқындайтын қосалқы мүшелі күрделі атаулар (кафе-бар) жазылады;

✓ орыс тілінде дефиспен жазылатын кісі аттары қазақша жазуда да дефис арқылы таңбаланады (Книппер-Чехова, Немирович-Данченко);

✓ реттік сан есімдер цифрмен жазылса, өзіне қатысты сөзбен араларына дефис қойылады (7-сынып, 15-үй) [2, 49-6].

Осы ережелерге сәйкес жоғарыда көрсетілген 23-баптың а), б) және в) тармақшаларындағы дефис таңбасы бірде-бір ережеге сәйкес келмейтінін дәлелдеуге болады.

Орыс тіліндегі мәтінде қойылған дефистің орнына сызықша қойылуы тиіс еді, себебі орыс тілінің пунктуациялық ережесі бойынша «тире ставится в неполном предложении, составляющем часть сложного предложения, когда пропущенный член (обычно сказуемое) восстанавливается из предыдущей части фразы и в месте пропуска делается пауза» [3].

Орыс тіліндегі мәтінде қолданылған дефис (негізі сызықша қойылуы тиіс!) дәлме-дәл көшіріле салған тағы да бір құқықтық норма «Соғыс жағдайы туралы» 2003 жылғы 5 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы б) тармақшасында берілген:

«б) усиление охраны общественного порядка, а также государственных и военных объектов, объектов, обеспечивающих жизнедеятельность населения, функционирование транспорта и коммуникаций, объектов, представляющих повышенную опасность для жизни, здоровья людей и окружающей среды, согласно перечням, определяемым по республиканским объектам Правительством Республики Казахстан, по коммунальным

¹ «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» 1995 жылғы 19 маусымдағы № 2337 Қазақстан Республикасының Заңы [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U950002337/_compare (Жүгіну күні: 11.07.2024ж.)

объектам - местными исполнительными органами;»).

Назар аударсаңыз, дефис бір рет жазылған, ал қазақ тіліндегі редакцияда екі рет:

«б) қоғамдық тәртіптің, сондай-ақ республикалық объектілер бойынша - Қазақстан Республикасының Үкіметі, коммуналдық объектілер бойынша - жергілікті атқарушы органдар белгілейтін тізбелерге сәйкес мемлекеттік және әскери объектілердің, халықтың тыныс-тіршілігін, көлік пен коммуникациялардың жұмысын қамтамасыз ететін объектілердің, адамдардың өмірі, денсаулығы және қоршаған орта үшін аса қауіпті объектілердің күзетін күшейту;»² жазылған. Бұл жерде де дефистің қойылуы ешбір ережеге сәйкес келмейді. Осыған байланысты тармақшаны мынадай редакцияда жазу ұсынылады:

«б) қоғамдық тәртіптің, сондай-ақ республикалық объектілер бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін, коммуналдық объектілер бойынша жергілікті атқарушы органдар белгілейтін тізбелерге сәйкес мемлекеттік және әскери объектілердің, халықтың тыныс-тіршілігін, көлік пен коммуникациялардың жұмысын қамтамасыз ететін объектілердің, адамдардың өмірі, денсаулығы және қоршаған орта үшін аса қауіпті объектілердің күзетін күшейту;».

Орыс тіліндегі мәтінде баяндауыш рөлін атқарып тұрған «определяемым» деген сөз қазақ тіліндегі редакцияда «белгілейтін» деп екі рет қолданылса, жоғарыда көрсетілген ережеге сәйкес келеді әрі пунктуациялық қате жойылады.

Жоғарыда келтірілген мәтіндердегі пунктуациялық ереже сақталмаған заңдар 1995 және 2003 жылдары қабылданған болса, «Өсімдіктер дүниесі туралы» 2023 жылғы 2 қаңтардағы № 183-VII Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында дәл сондай пунктуациялық қатеге жол берілген құқықтық норма жазылған. Яғни орыс тіліндегі мәтінде қойылған сызықша (дефис емес!):

«Статья 36. Компенсационные посадки

1. Компенсационными посадками являются посадки зеленых насаждений на участке удаления (вырубки) либо на участках, определенных дендрологическим планом (планом озеленения).

Компенсационные посадки производятся за счет средств физических и (или) юриди-

ческих лиц, в интересах которых совершенно удаление (вырубка) зеленых насаждений либо по вине которых произошли повреждение или гибель этих насаждений.

Физические и (или) юридические лица, в интересах которых совершенно удаление (вырубка) зеленых насаждений либо по вине которых произошли повреждение или гибель этих насаждений, обязаны обеспечить уход за компенсационными посадками:

за деревьями и кустарниками: хвойных пород – в течение трех лет, лиственных пород – в течение двух лет;

травянистыми растениями – в течение вегетационного сезона одного года.» қазақ тіліндегі мәтінге дәлме-дәл көшірілген:

«36-бап. Өтемдік отырғызулар

1. Жасыл екпелерді жойылған (кесілген) учаскеде не дендрологиялық жоспарда (көгалдандыру жоспарында) айқындалған учаскелерде отырғызу өтемдік отырғызулар болып табылады.

Өтемдік отырғызулар өз мүдделері үшін жасыл екпелерді жоюды (кесуді) жасаған не кінәсінен осы екпелердің бүлінуі немесе құрып кетуі орын алған жеке және (немесе) заңды тұлғалардың қаражаты есебінен жүргізіледі.

Өз мүдделері үшін жасыл екпелерді жоюды (кесуді) жасаған не кінәсінен осы екпелердің бүлінуі немесе құрып кетуі орын алған жеке және (немесе) заңды тұлғалар өтемдік екпелерге:

ағаштар мен бұталарға: қылқан жапырақты тұқымдастарға – үш жыл бойы, жапырақты тұқымдастарға – екі жыл бойы;

шөптесін өсімдіктерге – бір жылдың вегетациялық маусымы ішінде күтім жасауды қамтамасыз етуге міндетті.»³

Бұл жағдайда қазақ тіліндегі мәтінде қойылған сызықшаны алып тастап, мынадай редакцияда жазуды ұсынуға болады:

«...

ағаштар мен бұталарға: қылқан жапырақты тұқымдастарға үш жыл бойы, жапырақты тұқымдастарға екі жыл бойы;

шөптесін өсімдіктерге бір жылдың вегетациялық маусымы ішінде күтім жасауды қамтамасыз етуге міндетті.» Яғни алдыңғы сөйлемдерді баяндауышсыз жазып, баяндауышты жалпы сөйлемнің соңында жазуға болады деген ережеге сәйкес келтіру арқылы пунктуациялық қате жойылады.

² *«Согыз жағдайы туралы» 2003 жылғы 5 наурыздағы № 391 Қазақстан Республикасы Заңы [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000391/compare> (Жүгіну күні: 18.08.2024ж.)*

³ *«Өсімдіктер дүниесі туралы» 2023 жылғы 2 қаңтардағы № 183-VII Қазақстан Республикасы Заңы [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу режимі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2300000183/compare> (Жүгіну күні: 21.08.2024ж.)*

Қорытынды

Қорыта келе айтарымыз, қазақша заң тілін қалыптастыру мақсатында лексикалық, грамматикалық, стилистикалық ережелермен қоса, пунктуациялық ережелерге де назар аудару қажет. Себебі тыныс белгілері тек дұрыс жазудың ғана құралы емес, дұрыс оқудың да, дұрыс түсінудің де құралы болып табылады әрі қарапайым құқық қолданушының тарапынан практикада артық сұрақтар туындатпайды.

Қарастырылған заңдардың екі тілдегі нұсқасымен жұмыс істеу барысында мәтіндерде пунктуациялық кемшіліктерден басқа, лексикалық, грамматикалық, стилистикалық қателерге де жол берілген. Олар басқа мақаланың арқауы болар. Дегенмен, заңдардың қазақ тіліндегі нұсқасына жауапты қызметкерлер қазақ тілінің пунктуациялық ережелерінің ерекшелігіне назар аударады деп үміт артамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Боранбай Б.Е. Қазақ тіл білімінің қалыптасуы мен дамуы (С.С.Жиенбаев еңбектері негізінде) – Алматы: 2013 [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу режимі: <file:///C:/Users/Admin/Downloads/83a94966a3e4ae7e59350d085e9a8dcc.pdf> (Жүгіну күні: 20.08.2024ж.)
2. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы) – Астана: Елорда, 2000. - 532 б.
3. Д.Э. Розенталь. Справочник по русскому языку [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу режимі: <http://old-rozentel.ru/punctuatio.php?sid=93> (Жүгіну күні: 20.08.2024ж.)

REFERENCES

1. Boranbai B.E. Qazaq til biliminiñ qalyptasuy men damuy (S.S.Jienbaev eñbekteri negızinde) – Almaty: 2013 [Elektronдық resurs]. – Qol jetkizu rejimi: <file:///C:/Users/Admin/Downloads/83a94966a3e4ae7e59350d085e9a8dcc.pdf> (Jüginu küni: 20.08.2024j.)
2. Syzdyq R. Qazaq tiliniñ anyqtağyshy (emle, tynys belgileri, söz sazy) – Astana: Elorda, 2000. - 38-b.
3. D.E. Rozentäl. Spravochnik po ruskomu iazyku [Elektronдық resurs]. – Qol jetkizu rejimi: <http://old-rozentel.ru/punctuatio.php?sid=93> (Jüginu küni: 20.08.2024j.)